Keptegen əielder jrj, çauaptь posttardь alьp otьr. SSSR da eŋ çoqarqь, cecucj orьn sovetter siezj bolьp taвьladь, sondьqtan aita ketu kerek, osь siezderge delegat bolьp sailanqan əielderdjŋ protsentj yzdjksjz esude. Sovetterdjŋ I siezjne 5 əiel nemese barlьq delegattardьŋ 4% əielderden qatnastь. Sovetterdjŋ VI siezjne 96 əiel, nemese siezge barlьq qatnasucьlardьŋ 15,7% əielder boldь. Mūnьmen salьstьrqanda burçuazialьq elderdjŋ memleket basqaru apparatьndaqь əielderdjŋ relj tykke tūrqьsьz! Tjptj əielder aktivtjk—passivtjk pravomen paidalanьp otьrqan elderdjŋ ezjnde, əielderdjŋ teŋpravolьlьqь qaqaz çyzjnde

qana qalьp otьr, əielder soqanda təzjp otьr degen narazьlьq yzjlmei keledj.

Eldj вasqaru jsjne qatnasьp çyrgen əte keptegen əielderdjŋ əzj revolutsiaqa deijngj qoqamnьŋ əleumettjk naqьz artta qalqan slollarьnan сьqqandьqь, sovetter Eljnde əielderdjŋ сьnai azattьqь men teŋpravolьlьqь ycjn əte-məte sipattь nərse. Olar qьzьl Əktəвrdjŋ tüsьnda nemese odansoŋ derevnelerden qalalarqa keljp, sol çerlerjnde əndjrjstj kəsjptjŋ çümьscьsьna ainaldь, çalpь əleumettjk çəne saiasi qьlьmdardь meŋgeru, əzjnjŋ mamandьqьn arttьru çolьnda qaçьrlь, asa kyctj kyres arqьlь əzderjnjŋ qaвjletj men kycjn damьtudьŋ dərecesjne qoldarь çetkendjgj sondai, — вül damudьŋ əzj, olardь mədeniet çənjndegj tvorcestvo qairatkerjnjŋ dəreçesjne çetkjzdj, sonьmen qatar olarqa mədeniettjŋ çaŋa qaznasьn aсьp вerdj. Leninnjŋ „ərвjr as вascь əiel memlekettj вasqaru jsjn yirenuge tijs“ degen вelgjlj səzj çyzege asьp keledj. Sovetter Respuвlikasьnda qazjrdjŋ əzjnde tolьq çyzege asьrьlqan ulь kəsemnjŋ səzderjn вarlьq elderdjŋ eŋвekcj əielderj, tolьq azattьq pen teŋpravo ycjn kyreske вastaitьn, stimul dep qüttьqtadь. Əielder qoqamnьŋ azat çəne teŋpravolь mycesj вola otьrьp, Leninnjŋ səzderj nüsqaqan ekjncj maqsatqada çetuge tijs, вül maqsatqa çetuj ycjn qьzьl Əktəвr qazjrdjŋ əzjnde asa maŋьzdь predposьlkalardь çasadь. Ol maqsat: memleket aur, ikemsjz, вiurokrattьq apparat вolmauqa tijs, ol əndjrjstjŋ protsesjn çəne produktalardь вəlu jsjn вasqaratьn, ikemdj apparatqa ainaluqa tijs.

* * *

Сьqьstьq respuвlikalar men avtonomialьq oвlьstarda əielderdj azat etu jsjnjŋ вarqansaiьn kycele tysken protsesj, qalqaralьq proletarlьq revolutsianьŋ çenjlmeitjn kycjnjŋ, onьŋ SSSR daqь kommunistjk вascьlьqьnьŋ mьzqьmaitьn вerjktjgj men ikemdjljgjnjŋ, dausьz dəlelj вolьp taвьladь. Bul elde əielderge teŋpravo вeru talaвь qasьrlar вoiьna, tjptj mьŋ çьldar вolьnca qalьptasьp kelgen ədet-qürьptarmen, ekonomikalьq çəne qoqamdьq ukladpen, çazьlqan çəne çazьlmaqan djni çəne svettjk zaŋdar men airьqca qaqtьqьsьp qalьp otьradь. Ondaqь əielder asa kyctj çjger çümsap, əielder maldьŋ, nemese вidaidьŋ вelgjlj məlcerjnjŋ, nemese satьp aluqa çəne satuqa вolatьn əzge tovarlardьŋ qandaiьnьŋ вolsьn ekvivalentj вoladь-mьs degen kəzqarastarqa qarsь kyresujne tura keledj. Osь əlkelerde əielderdjŋ adamcьlьq pravosьn çarialap aiqaicь вolqan alqacqь propagandistkalar çəne solardьŋ çolьn qubьp, soŋьnan erucj əielder zəвjr-çapa ceguge, tjptj əzjnjŋ çanьn qiuqa da təuekel ettj. Olardь aiuandьqpen əltjrucjljk az вolqan çoq. Alaida, SSSR dьŋ сьqьsьnda da qoqamnьŋ azat, teŋpravolь mycesj

esебjnde өndjrjstj kəsjp pen aul caruacьlqьnda, profsoluzdar men kooperatsialarda, partia uiьmdarьnda, sovetterde çəne вjljm men mədenielljn çalpь dəreçesjn køteruge arnalqan üiьmdardьn вərjnde de jstep çyrgen əielderdjn sanь yzdjksjz өsude. Mjne misal keltjreijk: өtken çьldьn 10 өktəвrjnde Məskeude Qьzьl kres qoqamьnьn Bykjlsoiuzdьq вjrjncj siezj воldь. Bül üiьmnьn өzjnjn aldьna qoiqan maqsatь: yi türmьsьnda, өndjrjste, aul caruacьlьqьnda, qürьlьsta çəne Qьzьl Armiada gigienalьq çaqdailardь çaqsartu sekjldj çümьstar воldь. Bül üiьmnьn 4,5 milliondai mycesj вar, münьn jcjnde køpcjljgj Cьqьstьn əielderj. Siezdegj 500 delegattьn ten çartьsьnan artьqь çarьs søzderge вelsene qatnasqan əielder men ças qьzdar воldь. Bül faktь өzjn-өzj вalandaidь.

Lenin өzjnjn qiadan køregendjgjmen Cьqьs əielderjnjn sanasьnьn oianuьna zor mən вerdj. Өzjnjn azattьqьna qoldarь çetken cьqьs əielderjnjn køp delegatsiasь Məskeuge kelgende Lenin: „Eger tjptj en çancьlqandardьn çancьlqandarь, en ezjlgenderdjn ezjlgenderj өzderjnjn azattьqь ycjn sotsializm çolьnda kyresu ycjn køterjlgen вolsa, çer çyzjljk proletarlьq revolutsianьn çenjsjne endj kjm cyвəlener eken?"—dedj. Lenin dürьs aittь. Qьzьl Өktəвr cьqьs əielderjnjn çyregjne azattьq pen tenpravolьlьqtьn çalьndь ьntasьn çandьrdь, qazjr münь ecnərse өcjre almaidь. Bül çalьn tütanьp, вarqansaiьn çoqarь вudaqtai tysjp otьr, onьn ücqьndarь qürsaudaqь, tөmen sanalqan, вalau oianьp kele çatqan Cьqьs əielderjne çarьq вerjp, Sovetter Soiuzьnan tьsqarь çerge cacьrap otьr. Ol çaqta əielderdjn azattьqь men tenpravolьlьqьnьn talaвь çer çyzjljk proletarlьq revolutsianьn quattь qozqaucь kycjne ainalьp otьr, вül revolutsianьn tyljnj—kommunistjk stroi воlьp cьqadь.

* *

Sovetter Soiuzьnьn sansьz əielder kolonnasь kelecek tapsьz, çarqьn qoqamqa qarai alaq вasuda, вül qoqamda əielderdjn adamcьlьq вeinesj tolьq gyldenjp, pjsjp çetjledj, mol çemjster cьqaradь. Bül—qozqalьs, qoldarьna pəlmə aqacьnьn saвaqьn ustap, saltanattь gimn çьrlaitьn, kyltjldegen kjjmdj, sülu əielderdjn protsessiasь emes. Əielderdj azat etudjn apoieozь osьnda dep вjljp, вurçuazialьq əielder emansipatsiasьn køkseucj aqьndarьnьn qialь emes. Çoq, ol emes, вül—çüpьnь çumьscь kijmjn kijngen, alaqanьn syiel qaptaqan, døngelekpen macinalardьn zьrьlьna qosьlьp sairandaitьn əielder. Bül əielder paradtьn əserlj ynjmen emes, sotsialistjk qurьlьs planьnьn вerjk talaвьna вaqьnьp, өzjnjn tolьq вaqalьlьqьn kyrespen çəne enвekpen kørsetu arqьlь jlgerj вasadь. Sovetter Soiuzьnьn køsemderj, qatardaqь erkek, əiel azamattarь gigant qürьlьstar-

dь, texnikanьn keremetterjn, ortalьq elektr stantsialarьn, domnalardь, metallurgia zavodtarьn, texnikanьn sonqь çanalьqtarь bolьnca qūrьlqan ərqilь kəsjp orьndarьn, SSSR dьn en qiьr cet almaqtarьnda ornaqan çūmьscь qalalarьn orasan maqtanьcpen ənglmeleldj. Būl maqtanьctьn mənj tysjnjktj, eltkenj mūnьn bərj de orasan zor enbekpen qolqa tyst, asa kөp qūrbandьqtardьn qunьna tysti, ertegjde aitьlqandaiьn, bjr tynnjn jcjnde çer astьnan çarьp cьqtь. Bjraq qasьrlardь bastan kecjrgen gigant qūrьlьstardь Egipet pen Azianьn despottarь da, өzjnjn qūldarьn qamcьnьn astьna ala otьrьp, çasai aldь. Qurama ctattardьn kapitalizmj de orasan zor, texnika çaqьnan çetjlgen kəsjp orьndarьn saldь; ol būrьn çapan tyz bolqan oblьstarda өndjrjstj kəsjp ortalьqtarьn çasadь; ol eljnjn asa jrj qalalarьnda zəuljm yiler saldь. Bjraq proletarlьq revolutsia elj qana ecbjr qalq, ecbjr dəujr maqtana almaitьn çəne maqtana almaqan, adam balasьnьn tarixьnda oqan tendes bola almaqan nərsenj çasai aldь. Būl elde texnikalьq-caruacьlьq əserlj qūrьlьstarmen qatar, olardь çasaqan adamdar,—өzjnjn barlьq bjljmjn, qairatьn, quatьn, ailasьn, өzjnjn barlьq kycjn sotsialistjk qūrьlьs jsjne barьnca sanalь tyrde, entuziazmmen sarp etetjn çyz mьndaqan, milliondaqan azat adamdar tūr. Olar өzderjnjn sotsializmge umtьlqan qaçьrlь talabьmen en artta qalqan tөmengj dəreçeden, būrьnqь kezde bastarьnda bolqan en çartьlai varvarlьq xalden bostandьq pen mədeniettjn bijk cьndarьna kөterjldj. Osьndai cьnьqudьn, əleumettjk adamnьn çana tipjn çasaudьn protsesjnde əielder kem rөl atqarьp otьrqan çoq, olar өzderjnjn er çoldastarьnan qalьspai keledj.

Sotsializmdj ornatucьlar çəne olardьn kommunistjk kөsemderj orasan zor tabьstarqa çettj. Bjraq olar əlde de orasan ūlь mjndetterdj cecuge tijs. 160 milliondaqan adam qazjrgj tarixi çaqdailarda bjr kyc bolьp qosьlьp, sotsializmdj ornatu ycjn qaçьmastьq qairat-çjgermen kjrjsuge tijs. Sondai qūlaq estjp, kөz kөrmegen, sondai fantazialь kөlemdj mjndetterdj tekqana būqara orьndai alub mymkjn. Sotsializm çolьmen əielderdj tolьq azat etu tekqana əielderdjn өz qolьndaqь js deu çөnjndegj cьndьq qai uaqьttaqьdan bolsьn, būl arada rasqa cьqьp otьr. Eger sovet əielderj tolьq azattьq çəne tenpravomen paidalanьp, būl çөnjnen bykjl çer çyzjndegj өzderjnjn apa-sjnljlerjnjn arasьnda bjrjncj orьn alьp otьrsa, būl silьq tyrjnde kөkten tysken çoq çəne өzjnjn printsipterjne adal bolceviktjk partia bascьlqь tarapьnan bolqan qairьmdьlьqtьn aktьsь emes. Əielder өzderjnjn pravosьn өzderjnjn er çoldastarьmen qol ūstasьp, ecqandai çoqcьlьqqa, en aur qūrbandьqtarqa jrkjlmesten, dəulettj, bileucj taptarqa qarsь sovetter өkmetj ycjn, өndjrjs qūraldarьnьn çeke mencjgjn çoiu ycjn kyrese otьrьp, qaçьrlь enbek etu arqьlь çenjp aldь. Osь çenjsten keijn de əielder ças Sovet

respuвlikasьnьŋ өmjr syrujn qorqap, onь qoldai вerdj. Proletarlьq revolutsianьŋ çeŋu saltanatь ycjn asqan qaçьrlь, çan qiarlьq kyresterdjŋ alqacqь cecuj ekj dəujrjnjŋ geroinalarь, sotsialistjk qūrьlьstьŋ kөp qūrвandьqtardь kerek etetjn dəujrjnde de talsalmadь.

Sotsialistjk qūrьlьstьŋ mastandьrarlьqtai qarьctauь, вesçьldьqtь tөrt çьlda orьndaudьŋ qaçettjljgj, qalammen вjr sьzьp өcjruge вolmaitьn, əleumettjk өzge faktorlar Sovet memleketjn tapsьz kommunistjk qoqamqa ainaldьru jsjn вastap qolqa alumen вailanьstь qiьncьlьqtardь өte-mөte arttьrьp çjвerdj. Өzjnjŋ taвandь tyrde cecjlujn kerek etetjn kyrdelj çaŋa mjndetter tuьp keledj, əlj de aur eŋвek etu kerek, əlj de çoqcьlьq вolmai tūrmaidь. Osьndai uaqьtca qiьncьlьqtardь paidalanьp, proletarlьq revolutsianьŋ yrkek çaularь өzjnjŋ çasьrьnqan jnderjnen cьqьp otьr. Ol çaular SSSR qa өcjgjp, qastendjk jsteude, Sovetter Soiuzьn çoiu ycjn, eŋвekcjlerdjŋ moinьna өtjrjk demokratianьŋ çəne kapitalizmnjŋ вūqauьn qaita salu ycjn zagovorlar ūiьmdastьruda. Proletariat diktaturasьnьŋ çəne sotsialistjk qūrьlьs memleketjn qiratu ycjn, SSSR dьŋ cekaralarьna kapitalistjk elderdjŋ armialarь çinaluda. Çer çyzjljk çaŋa soqьstьŋ qьrqьnь arqьlь olar вarlьq kapital elderjndegj ezjlgender men eksploatatsialanucьlardьŋ revolutsiacьl kycterjn dərmensjzdendjrjp, at tөвeljndei millionerlerdjŋ sansьz kөp milliondaqan eŋвekcjlerge aiausьz taptьq diktaturasьnьŋ ūzaq çьldar өmjr syrujn qamtamasьz etkjlerj keledj. Olar sotsializmnjŋ cьŋqa өrlegen өmjrljk kycterjn qanqa malqьsь keledj. Mūnьŋ өzj вeiвjtcjljktj syietjn Sovet memleketjnjŋ sotsialistjk qūrьlьs pen sotsializmdj ornatucьlardьŋ tūrmьs çaqdaiьn oŋdau ycjn paidalanudь kөzdeitjn materialdьq qarçьlardь çəne adam kycjn eldj qorqauqa çūmsauьna itermelep otьr. Barlьq elder proletarlarьnьŋ taqdьrlarь açьraqьsьz вailanьstь ekendjgjn aiqьn moiьndap, Sovetter Soiuzьnьŋ qatardaqь myceleri çəne kөsemderj çer çyzjljk proletarlьq revolutsianь qorqau өzderjnjŋ moinьna çyktelgen вorьc ekendjgjn өte çaqsь tysjnedj, вūl revolutsianьŋ əlde qaida jlgerj өrlegen maŋdai aldь otrədj вygjn taŋda da osьlar вolьp taвьladь.

Sotsializmnjŋ typkjljktj çeŋuj çolьndaqь osьndai çauaptь momentte SSSR əielderj, tolьq azattьq pen teŋpravo alu өzderjnjŋ qolьndaqь js ekendjgjn kyreste çəne qūrьlьsta çan-tənjn salьp вelsendj tyrde qatnasu arqьlь js çyzjnde kөrsetuge tijs. Olar qiьn-qьstau kynderdjŋ өzjnde de өz jsjne adal вolьp qala вeruge tijs. Mūnьŋ mənjsj—ortaq eŋвek etuge asa qaçьrlьlьqpen, ylken entuziazmmen qatnasudь kyceituge tijs, sotsializmdj ornatu ycjn вelsene kyresuge tijs degen səz, mūnьŋ mənjsj—olar, kerek вolьp qalqan kynde, ūlь qūrвandьqtarqa вel вailap, çan qiuqa da əzjr tūruqa tijs degen sөz. Azattьqqa çetkjzetjn

çaŋa stroi taŋ вelgjsjn вergen kezde вūl stroi əlj kymjlçj, tūrlausьzdau kөrjngen kezde-aq, ol əielder proletarlьq revolutsianьŋ çeŋjsjne çetu ycjn acarcьlьq kөrdj, aiaqtarьnьŋ qanьn aqьzьp qar ystjnde çalaŋaiaq çyrdj, ot çaqьlmaqan suьq yilerde qatьp-senjp otьrdь, carcap-caldьqqandьqtan macinalardьŋ çanьnda aiaqtarьn zorqa degende tjk вasьp çyrdj. Revolutsianьŋ ūlь çeŋjsterj qazjrdjŋ өzjnde olardьŋ tūrmьsьna çemjster engjze вastap otьrqanda, olardьŋ endjgj kөrsetjp otьrqan geroizmj вirьnqьsьnan kem emes. Olardьŋ geroilьq qimьldarь Leninnjŋ, azattьqqa ūmtьlqan əielder вelsene qatnaspaiьnca, proletarlьq revolutsia çeŋe almaq emes, eger əielder sol revolutsiamen вjrge вolsa, ol revolutsia çeŋjp cьqadь, degen idelalarьn taqьda dəleldegendjk вolьp taвьladь. Өzjnjŋ barlьq kycjn revolutsialьq вorьcьn өteuge çūmsai otьrьp, əielder sotsializmdj ornatu jsjn jlgerj вastьrmaq.

* * *

Leninnjŋ meiljnce keŋ kөlemdj genilьqь tek Sovetter Soiuzьnьŋ əielderjn qana emes, sonьmen qatar olardьŋ вykjl çer çyzjndegj apa-sjŋljlerjn de azat etuge caqьrdь. Leninnjŋ өsietj kapital elderjnde taptьq ezu men əielderdjŋ pravosьzdьqьnьŋ ekj çaqtap tepkj kөrsetujnjŋ qūldьqьnda вolqan sansьz milliondaqan tөmen sanaluсь, eksploatatsialanucь, вostandьqtan airьlqan əielderge çol, maqsat kөrsetjp вerdj. Proletarlьq diktatura memleketjnde kyresjp çatqan əielderdjŋ geroilьq ylgjsj kapital elderjndegj əielderdjŋ kөzjn çetkjzetjn saвaq вoluqa tijs. Kapital elderjndegj əielder çer çyzjljk revolutsianьŋ damu protsesjnde вostandьq daiar kyljnde kөkten tysedj dep ymjttenвeuge tijs. Olar ecqandai qauьpterden qorьqpastan, ecqandai qūrвandьqtardan jrkjlmesten, өzderjnjŋ taвь вjr вauьrlarьmen ijn tjresjp, proletarlьq revolutsianьŋ вykjl çer çyzjnde çeŋjsjn tezdetuge tijs. Kjmde-kjm өzjnjŋ tolьq azattьqь men teŋpravolь вoluьna qolьn çetkjzjp, өzjnjŋ adamgercjljgjn tanьtqьsь kelse, ol əleumettjk revolutsia ycjn çan-tənjn salьp kyresudjŋ çolьna tysuge tijs. Barlьq kapital elderjndegj əielderdjŋ talaudaqь jlgerj вasatьn adьmь imperialistjk soqьstarqa qarsь вjtjspestjk, aiausьz kyres, вeiвjtcjljk ycjn kyres, sotsializm ornatьp çatqan Sovet memleketjne qol sūqtьrmau ycjn kyres, facizmge qarsь kyres вoluqa tijs. Būl adьm proletarlar men eŋвekcjlerdjŋ sovettjk stroldь ornatu maqsatьndaqь, өndjrjs qūraldarьnьŋ çeke mencjgjn çoiu maqsatьndaqь memlekettjk өkmet вiljgjn kyrespen çeŋjp alu ycjn çasaitьn вas kөterujmen вailanьstь, mūnьŋ өzj əielderdj azat etu ycjn өte kerektj predposьlka вolьp taвьladь.

Leninnjŋ əielderge aitqan өsietterj sotsialistjk qūrьlьstьŋ

qarьctap өrleujne qarai barqansaьn, əbden türmьsqa enjp, əielderdj azat etjp, olardь anaqürlьm вijk dəreçege keterjp otьrqan Sovetter Soiuzьnan sьrt çerlerde, cьqьs tappai otьrqan çer çyzjljk ekonomikalьq krizis, çoqcьlьqtьn tynegjnde azap cegjp otьrqan, eңвekcj əielderdjң çanь men tənjn вjrdei kyirelledj. Amerika Qürama Ctattarьnda, Fransiada, Angliada, Germaniada, Italiada çəne taqь вasqa elderde kyctep salьnqan keldeneң salьqtardьң saldarьnan kepcjljk tütьnatьn zattardьң вaqasь asa qьmвattauda. Eңвek aqьnьң damьlsьz temendeuj faвrikadaqь çümьscь əielderdjң, kustar əielderdjң, çümьs jsteucjlerdjң вasьm kepcjljgj əielder вolьp otьrqan memlekettjk çəne çai mekemeler men kəsjp orьndarьndaqь qьzmetcj əielderdjң, oqьtucь əielder men вarlьq ezge professia ekjlderjnjң türmьs çaqdaiьn odan da вeter nacarlatьp, olardьң вjlek kycj men çjger kycjn mьqtap eksploatatsialap otьr. Kəsjp orьndarьnan, kontorlardan, əkjmcjljk posttardan cьqarьlqan, ertengj kynge ezderjnjң çəne çaqьndarьnьң çeitjn вjr tjljm nanьn, tyn jcjnde qonьp cьqar pana taвar-tappasьna kezj çetpeitjn, „вasь artьq“ əielder вüqarasьnьң, çümьstan cьqarьlqan proletarlar əielderjnjң, вasь вos professia ekjlderjnjң, qoqamdьq qairatkerlerdjң kyizelgen qol enercj əielder men dykencj əielderdjң sanь esude. Өzderjnjң emcektegj çəne kjckene вalalarь acьqьp, suьqqa toңьp, xalj вjtjp, eljp çatqanьn analarь kezderjmen kerjp otьr. Olar actьqtьң aidauьmen, kier kijmnen çürdai вolqan, qalьptь yi türmьsь men çümьstьң çaqdaiьnan çürdai вolqan—estiar üldarь men qьzdarьnьң oqьp вjljm ala-almai çydep, keudesj tysjp temendep, вjtuge ainalqandьqьna dərmensjz kuə вolьp otьr. Soltystjk çəne Oңtystjk Amerikanьң, Evropanьң çəne dyniejnjң ezge вelegjndegj agrarlьq elderde monopolistjk üiьmdardьң eң kepcjljk tütьnatьn zattarqa salatьn rostovciktjk вaqalarьmen qatar kyc ketermeitjn salьqtar men arenda aqьlarь üsaq carua əielder men üsaq arendatorcь əielderdj qora-qopsьsьnan вezdjrjp çatьr. Amerikanьң maqta, kofe çana qant plantatsialarьndaqь çümьscь əielder, Çaponianьң ost-indialьq cai plantatsialarьndaqь, kyrjc egjsjnjң dalalarьndaqь çəne cьqьs prussialьq iunkerlerdjң çümaqьndaqь çümьscь əielder adamcьlьqqa çatpaitьn eksploatatsia men tjrcjljktjң aiuandьq çaqdailarьnda azap kerjp zarlauda. Sol siaqtь atь culь demokratia elderjnde de eңвekcj əielderdjң kergen kynj əsjrese kapitalizmnjң qüldьraqan dəujrjnde ete aur вoluqa ainaldь. Өitkenj olar—„tek əielder“, вasqaca aitqanda вurçuazialьq qoqamnьң ete-mete pravosьz, ete-mete qol aiaqь qürsaulь mycesj, ezderjnjң taвь вjr вauьrlarьnan gerj qarsьlьq etuge, kyresuge ete-mete qaвjletj az. Sondьqtan da olardьң zəвjr-çapasь crekce aur вolьp otьr. Eger eңвekcj əielder, Leninnjң esietterjn orьndai otьrьp, ezderjnjң taвь вjr çoldastarьmen qol üstasьp sotsializm ycjn kyresken kynde

qana, olar сьnal demokratia men mədenlettjŋ igjljkterjn paidalana aladь.

* * *

„Çeŋgen“ çəne çeŋjlgen elderdegj çyz mьŋdaqan, milliondaqan əielder 1914—1918 çьldardaqь qьlmьstь qьrqьnda ølgen nemese məŋgjljk tьnьstьq sapar cegu ycjn, øzderjnjŋ tuqan çerjne qaitьp keljp øljmge ducar bolqan kyieulerjn, balalarьn, əkelerj men baurlarьn çoqtap zar eŋjreude. Eŋbekcj əielder bûqarasь adam aitqьsьz eksploatatsia çaqdaiьnda, çûpьnь aqcaqa bola barlьq eŋbegjn sarp etken, øzderjnjŋ densaulьqьna ziandь, ømjrjne qauptь, soqьs kerek-çaraqьn daiьndaitьn kəsjp orьndarьnda jstegen kynderjn, sonьŋ saldarьnan alьqpastai auruqa tap bolqan kynderjn qaiqьmen eske tysjredj. Soqьr, saŋьrau, qolsьz, aiaqsьz adamdardьŋ çəne solarqa ûqsas soqьs mygedekterjnjŋ, asьraitьn adamdarь soqьsta ølgen sorlь caldar, çesjr əielder men çetjm balalardьŋ, tolьp çatqan çydeu balalardьŋ — „soqьs balalarьnьŋ“ — bytjn armiasь „soqьstьŋ bolat qûdьqьna comьldьrьp alu arqьlь rasalardь çaqsartudьŋ“ eŋ çaqsь suretj bolьp tabьladь. Podatalar men salьqtardьŋ øsuj, onьŋ saldarьnan eŋ bjrjncj kerektj zattardьŋ baqasьnьŋ køterj'uj çer çyzjljk soqьstьŋ çalmaqan çəne osь uaqьtqa deijn soqьstьq borьciardь øteu tyrjnde çalmap kele çatqan orasan ûcьqlьrsьz somalardь kynnen-kynge əielderdjŋ esjne tysjrude. Degenmen de, soqьstьŋ çəne soqьstan keijngj dəujrdjŋ ьzqarlь sabaqtarь bola tûrsada, barlьq burçuazialьq elderge imperialistjk çaŋa qьrqьnnьŋ tûncьqtьrucь atmosferasь taqьda tønjp otьr. Soqьstь tûtandьru, soqьstь daiarlau qazjrgj kezeŋdegj øte-øte erekce køzge tyserljk belgjsj bolьp tabьladь. Soqьspen krizistjŋ qûrbandьqtarьna çoqtьŋ qasь aqca сьqarьp otьrqan, budçetterjndegj jrj defitsitter eŋbekcjlerdj aur salьqtarmen tonauqa ducar etjp otьrqan memleketter çyz milliondaqan, tjptj milliardtaqan qarçьlardь suda da, qûrqaqta da, əuede de bûqaranь çappai øltjretjn, qьrqьnqa ûcьratatьn qûraldar çasauqa çŭmsap otьr. Tyrlj kapital elderjndegj dəulettj çəne bileucj taptar qandь qьrqьn arqьlь øzderjnjŋ cekaralarьn keŋeitjp, øz tovarlarьn øtkjzu ycjn, cikj zat alu ycjn, qorqausьz ûrular men qalqtardь arsьzdьqpen, aiausьz tonaudь oilap otьr.

Oŋtystjk Amerikada memlekettjk øzara çeksûrьn soqьstar zərjn cacuda bûl soqьstarda kapitalisterdjŋ amerikalьq çəne anglialьq gruppalarь çergjljktj qalqtardь bejj cjmjrkpesten tonauqa basьm pravo alu ycjn, øzara kyresedj. Persiada, Araviada çəne øzge elderde evropalьq elderdjŋ imperialisterjnjŋ altьnqa, økmet biljgjne qomaqailьqь çanar materialdarьn çinap alqandьqь soncama mûnda tek „kezdeisoq“ bola qalsa-aq køzdj

asьp-çūmqanca vzrыv boluь mymkjn. Beibjt uaqыtыņ tūsыnda çapondьqtar Qьtaiqa caвuь! çasap, ol eldjņ tjrcjljk etetjn ortalьqtarьna, lantszi ezenjnjņ saqasыndaqь çer çyzjljk portqa, Canxaiqa orпьqьp aldь. Mancçurianыņ qalqtarь solardыņ tabanыnыņ astыnda zarlap çatыr. Olar qazjr būl çerden Qьtaidыņ oņtystjgjne, Ūlь stenadan, etjp, Beipinge deijn barьp otыr, al batьsta olar qazjrdjņ ezjnde Jcкj Monqoliaqa basьp kjrjp otыr. Olar çyrgen çolьnda qarusыz erkek, əielder men balalardыn tau-tau bolьp yijlgen eljkterjn, ertenjp tytjnj bьqsыp çatqan qiraqan yiler, fabrikalar, mektepterdj basьp etjp çatыr. Ūlttar ligasыnda komedialьq relјn alqan Batьstыņ jrj kapitalistjk memleketterjne Qьtaidыņ eckjm qolsūqpaitьndьqьn qorqau degen oi tysjne de kjrjp cьqpaidь. Olardыņ ezderj osыndai ylken eldj basьp aluqa brondь çūmыrьqьn sozьp otыr. Anglianыņ, Eransianыņ, Italianыņ ykmetterj çapon imperializmjnjņ çasыrьn, tjptj kerneu odaqtasь ekendjgjn barlьq yi tebesjne qonqan torqailardыņ cьrыldaqan ynj aitьp otыr. Būl, olardыņ Çaponia qolьnan qьtaidыņ bailьqtarьnыņ mailьraq çaqьn ezjne qaratьp aluqa tьrьsatыndьqьn, ərine, çasыrmaidь; mūnыņ ezj olardыņ, ezara dostьq senjm berucjljgjne qaramastan, bjr-bjrjne qarsь bjr-bjrlep çəne kyctj elderdjņ imperialisterjmen odaqtasьp qarulanuьna beget çasamaidь.Osь çenjnde ūlasьp otыrqan soqьs qaupь, — Qūrama ctattar ezjnjņ zeņbjrekterjnjņ salmaqtыsыn ezjnjņ eskadrasыn, bombometterjn əzjrge ezjnjņ çapondьq, britandьq konkurentterjne qarsь tesei otыrьp, Tыnьq okeannыn çaqalaularыnda ezjnjņ ystemdjgjn qorqauqa bel bailaqandьqьnan, — ol soqьs qaupь kemjmeidj.

Qiьr Cьqьstaqь alasurqan çьn-oinaq „ūlь" kapitalistjk derçavalardыņ Qьtaidь ezderjne ceksjz sьi tartatыn koloniaqa ainaldыru talabыnan turьp otыr. Sonьmen bjrge olar, ezgede təttj maqsat kezdeidj: olar Cьqьs Aziada, sol çerden sotsializm ornatьp çatqan elge caвuь! çasaudь ūiьmdastыrarlьqtai talanьc punktjn çasaqьsь keledj. Cьqьstaqь būl caвuь! Batьstaqь evropalьq „sivilizatsianыņ", „medeniettj būzucь azialьq bolcevizmge" qarsь krestovoi çorьqьmen tolьqtыrыluqa tijs. Çapon imperialisterj ezderjn batьstыņ asa qasiettj igjljkterjn qorqaucь kapitalisterjnjņ soqьsqa surыlьp cьqqan avangardь dep sanaidь, basqaca aitqanda adam balasыnыņ basыm kepcjljgjn at tebeljndei azcьlьqtыņ zorlьqь çəne eksploatatsialauь arqьlь toltыrыlatыn otqa çanbaitыn kassanь qorqauda batьs kapitalisterjnjņ avangardь dep sanaidь.

* * *

Sovetter Soiuzь beibjtcjljkke cьn nietpen ūmtыlqan çer çyzjndegj eņ bjrjncj, eņ bjrden-bjr ūlь derçava bolьp tabыladь.

Sovetter Soiuzь mūnь өzjnjŋ, taŋdaulь kөsemderjnjŋ qūrmettj senjmderjmen qana emes, tjptj odan da beter, SSSR dь soqьsqa tap qьluqa tьrьsqan Çaponianьŋ, Rumыnianьŋ çəne өzge imperialistjk elderdjŋ çauьzdьq provokatsiasьna kezdesjp otьrqan mьzqьmaitьn sabьrlыlьqьmen dəleldep berdj. Sovettj sotsialistjk respublikalar soiuzьnьŋ saiasatь — qūrьctai berjk batыldьqpen sotsializmdj ornatu, osьndai gigant js ycjn barlьq materialdьq qūraldarmen adam kycjn paidalanu. Eger proletariat pen carualar memleketj qūraldanьp çatsa çəne qūraldanuqa tijstj bolsa, mūnь būl memleket tekqana sotsializmdj ornatuqa kerektj beibjtcjljk pen tьnьctьqtь qamtamasьz etu ycjn jstep otьr. Kapitalistjk qoqamnьŋ өljm xaljndegj auru „ūlь kөsemderj" өzjn aman saqtaudь, tekqana territoriasьn keŋeituden jzdep çyr. Bjraq taptьq proletarlьq diktatura memleketj, kapitaldьŋ eksploatator өkmetjnjŋ qarauьnan çer carьnьŋ altьdan bjr bөlegjn alьp qoidь. SSSR da qьlьm men texnika kyc-çjgerdjŋ, asa bai çaratьlыs bailьqtarьnьŋ çaŋa kөzderjn yzdjksjz acьp otьr, būlardь Sovetter Soiuzь endj-endj qana igerjp keledj. Būqan gigant besçьldьq plandь orьndaqan adamdardьŋ tvorcestvolьq kyc-quatьn çəne 160 milliondaqan qalqtьŋ tovardь orasan kerek etetjndjgjn qosa aitu kerek. Өkmet biljgj men altьnqa mysesj tolmaqandardьŋ kөzdegen olçasь qandai deseŋcj!

Alaida burçuazialьq elderdjŋ myse tūtpaucьlьqь qana Sovetter Soiuzьna cabuыl çasauqa itermelep otьrqan çoq. Imperialisterdj sovetterge qarsь өzjnjŋ qaruьn soquqa asa kycpen aidap salьp otьrqandьq sebebj, SSSR dьŋ cьn mənj men tarixi maqsatь bolьp otьr. Sotsializm ornatьp çatqan el proletarlьq revolutsianьŋ bel balasь bolьp tabыladь. Būl el, kapitalizmdj kyctep qūlatьp, sotsializmdj revolutsialьq çolmen ornatu ycjn eŋbekcjlerdjŋ çetkjljktj kyctj, pjsjp çetjskendjgjnjŋ çer çyzjljk tarixi dəlelj bolьp tabыladь. Kapitalizmnjŋ krizisj dəujrjnde Sovetter Soiuzьnьŋ tvorcestvolьq quatь sotsializmnjŋ kapitalizmnen asьp tyskendjgjnjŋ dəlelj boladь. Sotsialisjk memlekettjŋ çəne onьŋ gigant qūrыlьsьnьŋ өmjr syrujnjŋ өzj burçuazialьq əlemdegj eksploatatsialanucьlar men ezjlgenderdj өzjnjŋ ylgjsjn aluqa, kapitalizmdj typ tamьrьmen qūrtьp, sotsializm ornatu ycjn revolutsialьq kyreste memlekettjk өkmet biljgjn өzjne qaratьp aluqa typkjljktj caqьru bolьp tabыladь. Būl caqьruqa yn qosьlmai qalmauь kerek. Sonьmen Sovetter Soiuzь, burçuazialьq elderdjŋ bascьlarьna kapitalistjk stroidьŋ aqtьq kynj bolmai qoimaitьndьqьn qьnçьlta esjne salucь bolьp tabыladь.

SSSR qa qarsь daiьndalьp çatqan soqьs, çer çyzjljk sūrapьl өrttj sөzsjz qaita tūtandьrmai qoimaidь. Osьndai naqьz apat boladь degen qial, būl mьrzalardь qьlmьstь nietterjn orьndauьn toqtatpaidь. Olar çer çyzjljk qьrqьnda, өzderjnjŋ 1917 çьlqь qьzыl Өktəbrdjŋ orasan çeŋgendjgjnen kek alqьsь

keledj. Jstjn mənj, olar ycjn ne eljm, ne bolmasa tjrcjljk etuge tjreljp otьr, jstjn mənj kapitalizm men sotsializm arasьndaqь cecucj aiqas turalь, вjr uьs dəulettj adamdardьn milliondaqan dəuletsjzderdj ezjp, eksploatatsialauqa ūmtьluьmen osь milliondardьn qūldьqtan çəne eksploatatsiadan qūtьlu çolьndaqь revolutsiacьl qairatьnьn arasьndaqь cecucj aiqas turalь вольp otьr. Kapitalisterdjn nietjnce, kapitalistjk elderdjn proletarlarьn kapitalizmge qarsь keterljs çasap, onь toltaru tjlegjnen taidьrьp kycjnen airu ycjn olar ezderj çer çyzjljk ylken qьrqьnda вjrjn-вjrj çьqьp saluqa tijs, deidj.

Amal qanca, enвekcj əielderdjn qalьn вūqarasь əlde bolsa вūl məselelerdj ezjne qatьsь çoq dep sanaidь, sondьqtan olar ez bastarьnьn tjrcjljgjnen tijstj qortьndьlar çasaudь tjlemeidj, eitkenj olar əlde bolsa sasьq meccandьq morəldjn вūqauьnda otьr, вūl morəl вольnca, вūl məseleler „çoqarь saiasat" sferasьna çatadь, вūl məselede əielderdjn jsj çoqtьmьs. Būl məselelerdj talqьlaudan bastartqan, çaltarqan əielder ezderjnjn kyndeljktj myddelerjne de qarsь, əielderdj sotsializm arqьlь tolьq azat etudjn tensəulettj maqsatьna da qarsь ylken kecjrjmsjz kynə jsteidj. Beiвjtcjljk ycjn çəne Sovetter Soiuzьna eckjmnjn qolsūqpauь ycjn kyres enвekcj əielderdjn en çaqьn, çan qiar jsj вольp taвьladь, olar əielderdjn ekj çaqtap ezjlujnen azat boluьna çetkjzetjn Lenin esietterjn çyzege asьruqa ezderjnjn barlьq kycjn çūmsauqa tijs. Çer çyzjljk soqьsqa caqьrudьn ecqandaib, ecqandai çer çyzjljk qьrqьn proletarlardьn sanasьn kyngjrttendjrmei, olardьn kycjn əlsjretjp, qaçьtpau ycjn kyres ərвjr enвekcj əieldjn qanьna sjngen js вольp taвьladь. Əielder kapitalizmge qarsь kyreste ezjnjn tūrmьstьq çəne mədeni tjlegjn qorqap, kapitalistjk stroidьn ornьna sotsialistjk stroi ornatu ycin kyresuge tijs.

Myddelerdjn açьraqьsьz ortaqtьqь tenjz ben taulardan, cekaranьn cūbar baqanalarьnan etjp вykjl çer çyzj enвekcjlerjnjn, ūltьna, rasasьna, çьnьsьna qaramastan, basьn qosadь. Burçuazialьq qoqamdaqь dəuletsjz çəne kem dəulettj adamdardьn qalqaralьq ьntьmaqь, qalqaralьq çauьngerljk odaqqa ainaluь kerek, вūl odaq olardь вjr-вjrjmen çəne sotsializm ornatьp çatqan eldegj ezderjnjn azat apa-sjnljlerjmen, aqa-jnjlerjmen, açьraqьsьz bailanьstь etetjn boluqa tijs. Imperialisterdjn qūraldь kycjmen Sovetter Soiuzьn qiratuь çəne onьn tendesj çoq qūrьlьsьn çoiuь barlьq elderdjn proletarlarь men enвekcjlerj ycjn tarixi məndj erekce çenljs bolqan bolar edj. Būl apat ystemdjk etucj taptardьn ezjnjn kyc-quatьna senjmjn kəp çьldarqa вekjndjrjp, olardьn qolьna enвekcjlerdj ezjp, aiausьz eksploatatsialau ycin çana qūraldar berer edj. Būl katastrofa sьвaqasьz вūqaralardьn ezderjnjn kergen aur azaptarьna qarsь, вūqaudan, esjmqorlьq eksploatatsiadan bosanuь

ycjn kyresetjn aiьrdь çjgerjeen, aiьrdь вatыldьqын dəmensjzdenojrgen вolar edj. Bul katastrofa kapitalistjk elderdegj eңвekcj əielderdjң sorь xaljn ədam təzgjsjz nacarlatuqa apaгьp tjregen вolar edj. Tarixtың вygjn tandьqь kyn tərtjвjne qoiыьp otьrqan əielderdj qoqamның tolьq pravolь mycesj dep tanuьn kəpke deijn keijnge sыгьp tastaqan вolar edj.

* * *

Sanalыlьq çəne qalqaralьq вelsendj ьntьmaq kərsetu SSSR daqь nasattь çeңucjler men sotsializm ornatucьlardь airьqca вeineleidj. Olar вeiвjtcjljktj çəne əz eljne eckjm qolsūqpauьn qorqai otьrьp, tekqana proletarlьq revolutsianың qьzьl qan təgjspen alqan qasiettj çerjn qorqaumen qoimai, sonьmen qatar вykjl çer çyzjnjң proletarlarь men eңвekcjlerjnjң tjregjn odan da вeter qorqaitьndьqьn çaqsь вjledj. SSSR dың eңвekcj əielderj — cet eldegj əzderjnjң ezjlgen apa-sjңljlerjnjң aldьңqь qatarlь otrədj—kyndeljktj, saltanattь məçjljsterde, çinalьstarmen demonstratsialarda Leninnjң asa qьmвattь əsietterjn saqtauqa ant вerjsedj. Bykjl SSSR kəlemjnde, Polca men Rumыnia cekarasьnan Tьnьq okeannың çaqalauьna deijngj çerde вūl əielderdjң sotsialistjk qūrылыs jsjne вerjlgen ceksjz entuziazmj olardың antьn jske asьradь.

Erkektermen вjrdei вjljm alьp otьrqan əielder qazjrdjң əzjnde Qьzьl Armiada da, Qьzьl flotta da çəne aviatsiada da sirek emes. Əskeri mektepterden ətken əielder əzjnjң вoiьndaqь qasietjn sezjp, Məskeudjң Qьzьl alaңьndaqь zor paradtarda, quanьcтьь, maqtanьcтьь kylkjmen sap tyzep çyredj. Sovet memleketjn imperialisterdjң caвuыlьnan qorqauda çanьn aiamai вatыldьq, erljk, kərsetude Sovetter Soiuzьның əielderj erkekterden qalьspaidь. „Kyң вolqannan gərj, əlgen artьq!“ Kapitalistjk elderdegj eңвekcj əielderdjң encjsjne tigen kyndjk, вūl əielderdjң əzderjnjң apa-sjңljlerjnjң myddesj ycjn azat adam вalasьның qalqaralьq otanьның eckjm qol sūqpaitьndьqьn qamtamasьz etuge ūmtылqan qairatьn çalьndatadь.

Qandai tamaca kərjnjs, qandai tamaca syikjmdj ylgj! Adaldьq ystjne adaldьq! Kapitalistjk elderdegj eңвekcj əielderdjң daңqьn сьqaratьn, авroiьn arttьratьn jsj—SSSR daqь əzderjnjң apa-sjңljlerjnjң internatsionaldьq ideialarының kycjmen çalьnьna sezjmderj men qūlьqtarьna sai вola вjlude. Olar əzderjnjң taвь вjr вauьrlarьmen вerjk çəne сьn odaqtasa otьrьp, Leninnjң əielderdj azat etjp, olarqa teңpravo вerudegj asa qьmвattь əsietterj mardьmsьz, eckjmdj ecnərsege mjndettemeitjn salqьn formula emes, qaita qoqamdьq stroidың negjzj, adam вalasының ekj çьnьsьnda adamgercjljktjң çoqarь satьsьna kəteretjn, olardь syijspendjkpen вjrlesjp eңвek etudjң anaqūrlьm mərteвelj, вaqьttь odaqьn

bastaitьn printsipj bolьp tabьlatьn çer çyzjndegj eꞑ bjrjncj' bjrden-bjr memlekettjꞑ barlьq cekaralarьnda qaup tuƣьzьp otьrƣan memleketterdjꞑ qūraldarьn qūrtuƣa tijs. Sovettjk stroimen əielderdj azat etudjꞑ arasьndaƣь açьraƣьsьz bailanьstь uƣьnuda çoƣarь dəreçede damьƣan kapitalistjk elderdjꞑ əielderj, Qьtaida qьzьl partizandarmen bjrlesjp çapondьqtardьꞑ tonaucьlьq çorьqtarьna qarsь, çer lelenucj feodaldardьꞑ qaldьqtarь men ekspioatatsialauƣa aranьn acqan Nankin ykmetj siaqtь ças burçuazianьꞑ eꞑbekcjlerdj tonaucьlьƣьna da qarsь kyresjp çatqan proletar əielderdjꞑ, üsaq carua əielderdjꞑ, qol ɵnercj əielderdjꞑ, studentkalardьꞑ, oqьtucь əielderdjꞑ būqarasьnan masqara bolьp artta qalmauƣa tijs. Ɵzjnjꞑ qūrban boluƣa erljk dalarlьƣьmen, ɵljmge basьn bailaumen eskj zamanƣь eꞑ daꞑqtь geroilarьnan qalьspaitьn būl əielderdjꞑ ystjnde oraq, balƣalь çəne bes būrьctь sovet çūldьzь bar tu çelbjreidj. Leninnjꞑ əielderge aitqan ɵsietterj men onьꞑ revolutsiacьl bel balasь SSSR olardьꞑ çyregj men qairatьna quat beredj.

Eꞑbekcj əielder barlьƣь bjr kjsjdei bolьp, imperialisterdjꞑ dalarlap çatqan apatьna qarsь, basqaca aitqanda barƣansaibn qaupь kyceijp otьrƣan soƣьsqa qarsь bjtjspestjk, batьl kyresucj bolьp bas kɵterulerj tijs. Olar qazjrdjꞑ ɵzjnde-aq Сьƣьs Aziada, Oꞑtystjk Amerikada, aƣьlcьndar koloniasь—Indiada, gollandьqtar koloniasь — Indoneziada, fransuzdar koloniasь — Indo-Qьtaida, fransuzdardьꞑ, ispandьqtardьꞑ, italialьqtardьꞑ—Afrikadaƣь bolьp çatqan çəne Irakta, Siriada, Afrikada çəne taƣь basqalarьnda dalarlanьp çatqan imperialistjk soƣьstardьꞑ çalpь mənj men maqsattarьn bjr sekuntte esten cьƣarmauƣa tijs. Ɵzjnjꞑ qūruьna soƣьstan məulet tjlep otьrƣan kapitalizmnjꞑ ɵljp bara çatqandьƣьn osь soƣьstar dəleldeidj. Qarƣьs atqan kapitalistjk sistema bolьp otьrƣan monopolistjk ystem gruppalardьꞑ barlьq ymjtj, barlьq tjlegj men talabь osь soƣьstarƣa audarьlьp otьr. Olardьꞑ adam aitqьsьz qьm-qiƣac qarsьlьqtarь bola tūrsa da bjr ƣana çalpь talap — Sovetter Soiuzьn qūraldь kycpen çoiu talabь — barlьq imperialisterdj bjrjktjrjp otьr. Barlьq elderdjꞑ imperialisterj çatsa da, tūrsa da osьnь kɵkseidj. Sol siaqtь çaꞑa bas kɵterjp otьrƣan german imperializmj de ɵzjnjꞑ kyctj çaularьnan qaita qarulanuƣa rūqsat alƣьsь keljp bas iuge, basqaca aitqanda kjsj ɵltjruge çəne bɵtennjꞑ çerjn basьp aluƣa pravo alьp, onьꞑ ornьna bolcevizmdj qūrtu ycjn ɵzjn „aldьꞑƣь qatarlь çauьnger„ esebjnde qьzmet etucj etjp üsьnƣьsь keledj. Sonьmen bjrge ol betjn boiap, ɵzjn sivilizatsia men mədeniettj qorƣaucь etjp kɵrsetkjsj keledj.

Kyndeljktj kɵrjp otьrƣan beinet pen çoqcьlьqtьꞑ azabьnan qūtьla almai çyrgen, azattьqqa, ɵzjnjꞑ adamcьlьƣьn baiandь etuge ūmtьlьp otьrƣan milliondaƣan eꞑbekcj əielder imperialistjk çaꞑa qaupqa qarsь cьƣu ycjn bjrjgulerj kerek. Osьndai ylken qaup

bolьp tūrqanda olar mьzqьmaitьn bjrjkken çauьngerljk maidan çasaularь kerek, olar ɵzderjnjn osь uaqьtqa deijn bɵljnjp kelgendjgjn: tyrlj saiasi partialarda, profsoiuzdarda nemese qandai da bolsьn ɵzge ūiьmdarda bolqandьqьn, ne ol, ne būl professianьn myddelerjn, ūltьq, rasanьn nemese djnnjn aiьrmasьn, — osьlardьn bɵrjnde esten сьqaruqa tijs. Partiada çoq ūiьmdarqa bjrjkken ɵzderjnjn baиьrlarьna ūsap, ɵielder de solarmen bjrjgjp imperialistjk soqьstarqa qarsь kyresu ycjn, Sovetter Soiuzьn qorqau ycjn sol baиьrlarьnьn qatarьna qosьlularь kerek. Ol-olma, solqьldaqtьqtьn kymɵndanucьlьqtьn qaupь tua qalsa, olar en aldьnqь qatarda boluqa tijs. Amsterdamda bolqan qalqaralьq soqьsqa qarsь kongres partiada çoqtardьn imperialistjk soqьstarqa qarsь çauьngerljk ūiьmdasuьnьn mymkjndjgjn çɵne onьn orasan zor manьzь bar ekendjgjn kɵrsettj. Qūldardьn basьna yijp tɵgetjn kapitaldьn barlьq apattarьna qarsь qūldarqa tuьsqandьq kɵmek beru çɵnjnde partiada çoq uiьm bola otьrьp, meçrabpom barlьq apattardьn en zorьna qarsь — imperialistjk soqьsqa qarsь ezjlgenderdj qorqau initsiativasьn ɵz moinьna aldь. Amsterdam kongresj partiadan sьrt bola otьrьp imperialistjk soqьstarqa qarsь kyrestjn, bailьqьn arttьru maqsatьmen osь soqьstardь provokatsialaucь, milliondaqan adamdardьn qanьmen qūrьp bara çatqan kapitalizmdj çasartuqa ymjttengen kyctj kapitalistjk gruppalar men gruppa sьmaqtarqa qarsь kyrestjn bjrjkken maidanьnьn demonstratsiasь boldь.

Meçrabpom uiьmdastьrьp ɵtkjzgen soqьsqa qarsь kongres kapital elderjnde tyrlj partialardь, ūiьmdardь çɵne osь uaqьtqa deijn bjr-bjrjne qattь qarsь bolqan tyrlj ɵleumettjk kɵzqarastardь çaqtaucьlardьn çɵne solardьn ɵkjlderjnjn basьn qostь. Osьndai qalcьlьqtarqa qaramastan, çalpь qauptь çauqa qarsь kyresudjn kerektjgj çɵnjndegj sana imperialistjk soqьsqa qarsь, Qьtaidь kolonia etucjljkke qarsь, SSSR dь qorqau ycjn kyres uranьmen ɵtken kongrestjn barlьq cūmьsьn belgjledj.

Osьndai retpen qūrьlqan erkek, ɵiel enbekcjlerdjn partiadan tьs çauьngerljk bjrljgjnjn tɵnjregjne cьn burçuazialьq patsifister çɵne en aldьmen beibjtcjljk pen bostandьq ycjn kyrestjn Qalqaralьq ɵielder ligasьnьn ɵkjlderj çinaldь. Qimьl çasaudьn partiadan sьrt Komitetj soqьsqa qarsь kongrestjn cūmьsьn jlgerj bastьrьp, alqa aparuda. Kyresjp çatqan proletariattьn partiadan tьs tuьsqan ūiьmь MOPR men jstes bolu Komitet ycjn ɵte-mɵte baqalь js, būl jstestjk, proletarlar būqarasьn ɵljmge ūrьndьrьp otьrqan imperialistjk soqьstarqa qarsь onьn kyresjne stimul çasaidь. Komitet, basqasьnan būrьn, Montevideo men Canxaida qalqaralьq kongrester ɵtkjzudj ūiqardь.

Imperialistjk soqьstarqa qarsь partiadan sьrt çorьq çasau ycjn kyrestjn çɵne çenjstjn sɵzsjz cartь bolьp sanalatьn enbek-

cj əlelderdjn̡ qatnasuь өte-mөte kerek. Imperializmge qarsь kyreste man̡ьzdь paida tigjzu qolьnan kelmeitjn en̡вekcj əlelder çoq. Çoqarь dəreçedegj maqsat ycjn çūmьs pen kyres ystjnde qana ercitjn өzderjnjn̡ kycterj men qaвjletjn əielder kөвjnese өzderj de sezвei qaladь. Bjz вūl arada вūqaranьn̡ ūlь qьzmetjnjn̡ вūlçьmaitьn negjzj вolьp taвьlatьn вaiqausьz, kyndeljktj, ūsaq çūmьstь da aitьp otьrmьz. Būl „ūsaq" çūmьs çan̡a kyrescjlerdj—əielder men erkekterdj—imperialisterge qarsь ərqilь ədeвietterdj, listovkalardь qalqtьn̡ qalьn̡ вūqarasь arasьnda taratucь esевjnde, osь kyrestj çyrgjzu ycjn qarçьlar çinaucь taqь вasqalar, taqь sondailar esевjnde ortaq ūlь jske qatьstьradь. En̡вekcj əielderdjn̡ qalьn̡ вūqarasьnьn̡ imperialisterge qarsь osьndai вaiqausьz çūmьsьnda imperialistjk soqьsqa çəne onьn вastь aiьpkerj kapitalizmge qarsь kyrestjn̡ təçriвelerj, qiadan kөrgjc, qūrьctai вerjk çauьngerlerj men вascьlarь өsjp otьr. Өzjnjn̡ semiasьnan sьrt top jcjnde өzjnjn̡ pjkjrjn aitu nemese qandai da вolsa ūsьnьs engjzu ycjn auzьn acuqa вatьlь вarmaitьn əiel өz kycjnjn̡ cegjn вjle almaidь. Əielder ūsaq-tyiek mjndetterdj orьndaudan kyrdelj, çauaptь mjndetterdj atqaruqa kөcjp, çūmьs pen kyres ystjnde qana өz kycjn вaiqai aladь. Sansьz kөp, atь cьqpaqan, вelgjsjz əielderdjn̡ osьndai emeskj jstestjgjnjn̡ arqasьnda вarlьq elderdjn̡ eksploatatsialanucьlarь men ezjlgenderjnjn̡ qalqaralьq ьntьmaqь ycjn, өz eljne olardьn̡ çauьz çaularьna qarsь вjtjspei kyresu ycjn acьqtan-acьq sөz sөileitjn əielderdjn̡ orasan zor вūqarasь toptanuda. En̡вekcj əielderdjn qalьn̡ вūqarasьnьn̡ qatnasьnsьz kapitalistjk elderdjn̡ ykmetterj men parlamentterjne, taçaldь çau kapitalizmge qarsь kyreske qūrьctai çauьngerljk вatьlьn kөrsetetjn вjrde-вjr çinalьstьn̡, вjrde-вjr demonstratsianьn̡ вoluь mymkjn emes. Būl вatьldьq əielderdj çəl demonstratsiadan imperialisterge qarsь protest çasauqa, SSSR dь qorqap, revolutsialьq qimьlqa kөcuge sөzsjz itermeleidj, вūl çөndegj kyres qьmвatqa tysedj, вjraq вūdan вjrde-вjr əiel seskenвeuge tijs.

Barlьq elderdjn̡ imperialisterj en̡вekcj əielderdj qьlmьstь soqьstьn̡ tjlsjz, passiv kuəljgjnen sol soqьstьn̡ вelsendj qatnasucьsь etuge tьrьsadь. Būl Pөl Bonkurdьn̡ moвilizatsialьq zan̡ьnda ecвjr вoiausьz meiljnce acьq aitьlьp otьr; вūl Pөl Bonkur son̡qь uaqьtqa deijn fransuzdьn̡ reformistjk sotsial-demokratiasьnьn̡ kөrnektj kөsemderjnjn̡ вjrj çəne II Internatsionaldьn̡ gylj вoldь. Fransuzdьn̡ вurçuazialьq respuвlikasь əlj kynge deijn əielderge saiasi sailau pravosьn вeruden вastartadь, syite tūrsada soqьstьq çan̡a zan̡ əielderge əsjrese soqьs өndjrjs kəsjвjnde jsteitjn əielderge, en̡ qatan̡ statialarьn qoldanьp otьr.

Barlьq elderdjn̡ proletarlьq en̡вekcj əielderj вūl zan̡sьz-aq soqьs kezjnde tyrlj kөmekten airьludьn̡ saldarьnan, acarcьlьq, çoqcьlьqtьn̡ syrgjnjmen, laçsьzdan soqьs zavodtarьna вarьp,

ənda eŋ ɵljncj çaqdaida çümьs jstegendjkterjn ümьtpaidь. Al qazjrdjŋ ɵzjnde de kapitaldьŋ kyŋderjn aur mūqtaçdьq, dūrьsьraq çalaqьqa bola soqьs kəsjp orьndarьnda jsteuge aidap otьrqan çoq pa? Əielder çapon tonaucьlarь men olardьŋ barlьq kapitalistjk elderdegj, odaqtastarь ycjn qūral soquqa kɵmektesjp otьr.

Proletarlьq eŋbekcj əielder ecqandai qūrbandьqtardan taisalmastan, ɵzderjn imperialistjk soqьsqa, SSSR qa qalqaralьq zabuьldь əzjrleuge, çer çyzjljk sūrapьl çaŋa ɵrttj tūtatuqa zorlap qatnastьrudьŋ barlьqьna qarsь asa zor kyc-çjger salьp, çan-tənjmen kyresuge tijs. Əielder sol siaqtь imperialisterdjŋ əzjnjŋ qьlmьsьn çyzege asьruь ycjn bjrde-bjr qol kɵterjlmei, oqan ecbjr kɵŋjl qoiьlmaitьn etulerj tijs. Çūmьscь əielder bygjngj kynj tabatьn bjr sьndьrьn nanь ycjn imperialistjk tonauqa, kjsj ɵltjrucjljkke kɵmektesjp, al erteŋgj kynj sol ycjn ɵzderjnjŋ çūmьsь men eŋbegjnjŋ çaqdaiьn nacarlatьp, ɵte-mɵte qūnь qьmbat—sotsializm arqьlь ɵzjn azat etuden bastartuqa tura keletjnjn este ūstaularь tijs. Olardьŋ barlьq professialь aqa-jnjlerj men apa-sjŋljlerjnjŋ çappai, çan qiarlьq kɵmegj, imperialisterdjŋ qūralьn çoiu çolьndaqь erljk kyresjn oŋailatadь. Azaptь mūqtaçdьqqa qaramastan, olar soqьsta spekulətsia çasap, dynie çinap baiucь adamlardьŋ, təttj tamaqtardan maiьsьp çatqan stolьnan laqtьrqan qaldьqtarьn—ɵzderjnjŋ ɵlgen aqa-jnjlerj men apa-sjŋljlerjnjŋ qanьnьŋ isj aŋqьqan qaldьqtardь qabьl etpeidj.

Barlьq elderdjŋ imperia'isterj soqьsqa qarsь kɵterljstj tūncьqtьru ycjn oq-dərjnj alamaitьndьqь çəne acarcьlьqtьŋ qaupьna toqtanaitьndьqь ɵzjnen-ɵzj alan. Çauьngerljk batьldьqqa bel bailaqan, imperialistjk soqьstarqa qarsь kyresucj əielder būdan qorьqpauь kerek. Olar kɵcedegj demonstratsialarqa, taptьŋ tapqa qarsь kyresjne ainalatьn, eksploatatsialanucьlardьŋ çəne ezjlgenderdjŋ eksploatatorlarqa, ezucjlerge qarsь qūraldь kyresjne ainalatьn kɵpcjljk zabastovkalarqa qatnasularь kerek. Gəp mərtebelj, tjptj asa mərtebelj maqsat çolьnda bolьp otьr qoi. Erkek əiel, eŋbekcjlerdjŋ imperialisterge qarsь bjrjkken kyresj tonalqan çəne ezjlgen milliondardьŋ ɵz otanьnda ɵkmet biljgjn qaratьp alu ycjn, kapitalizmdj qūlatьp, sotsializmdj ornatu ycjn olardьŋ kyresjndegj bjrjncj cecucj adьmь bolьp tabьladь. Təçribe alu, sanalьlьqьn arttьru, qairatьn bekjndjru çɵnjnde satьdan-satьqa kɵterjljp, genj Leninnen quat, bascьlьq alqan eŋbekcj əielder būqarasь jlgerj basьp keledj.

Damudьŋ osь protsesjmen kɵptegen əielderdjŋ jlgerjde alqa basuь da ɵte tьqьz bailanьstь; olar mūnan bьlai partiada çoq, beitarap kyijnde qalmaidь: olar eŋbekcjlerdjŋ quatьn kyceitudjŋ qūral retjndegj salasi partianьŋ maŋьzьn ūqьnadь, ɵitjp eksploatatsialanucь çəne ezjlucj būqaranь olardьŋ nan

ycjn, bostandьq pen mədeniet ycjn kyresjndc basqara alatьn вjrden-вjr partianьŋ, — kommunistjk partianьŋ — qatarьna kjredj.

Imperialistjk soqьstarqa qarsь kyres, kapitalizmge qarsь kyres çəne вykjl dynienj qьzьqtьrqan sotsializm ycjn kyres — imperialistjk soqьstardь acьqtan-acьq çaqtaucьlardьŋ, sonь demeucjlerdjŋ вarlьqьna qarsь çəne solardь tuqьzatьn вurçuazialьq stroiqa qarsь aiausьz kyres pen açьraqьsьz вailanьstь kyres. Sondьqtan, eksploatatsialanucь çəne ezjlgen вūqara çalqan вurçuazialьq demokratianьŋ sjlteujmen reformistjk вjr çeŋjl sekjrujmen qana kapitalizmnen sotsializmge „ьrqьp tysedj-mьs" degen çalqan qьlьmdь reformistjk qorqaucьlarqa çəne onь uaqьzdaucьlarqa qarsь aiausьz kyresu kerek. Bul өtjrjk „teorialardь", kapitalizmnjŋ ezgjsjn qūlatu jsj tek revolutsialьq muzьkanьŋ dyвjrjmen qana jsteledj degen sananь kyceitu çolьmen əckereleu kerek. Reformistjk kөkseucjljkter men elestj illuzialar kjmde-kjm вostandьqqa aiausьz kyresten вasqa çolsьz qolьmьz çetpeidj deitjnderdjŋ çauьngerljk вatьldьqь men kyreske ūmtьlqan qairatьn ulandьrьp, meceuletedj. Reformistjk kөkseucjljk pen elestj illuzialar вūqaranь cавьttь, вjrden-вjr, maqsatqa вastaitьn çoldan — revolutsialьq kyres çolьnan — cьqьs tappaitьn tūiьqqa, tūtqьlqa qarai audaradь.

Qazjrgj momentte imperialistjk soqьstarqa aidap salucь eseвjnde, taptьq kyrestjŋ arenasьnda kapitaldьŋ qorqaucьsь çəne вjrjncj çauьngerj eseвjnde вas kөterjp otьrqan las, qanqūilь facizmge qarsь kyresu ycjn dalьndalьp, zor qūrвandьqqa вas вailauqa вarlьq kyctj çūmsau kerek.

Facizm eksploatatsialanucь вūqaranьŋ taptьq-sanalь tūrmьsьnьŋ qandaiьn вolsa da çoiьp, osь tūrmьstь çasaucьlardь kycpen qьrqьsь keledj. Eger, өzjnjŋ azattьqь men teŋpravosь ycjn kyresjp çatqan əlelge reformizmnjŋ вьqsьqan ūsaq вurçuaziacьl qonaq yijnde orьn çoq вolsa, oqan facistjk „ycjncj imperiada" da orьn çoq, mūndaqь əiel вala tuatьn macinanьŋ, teçeusjz ielenucjsj, вūiьrucьsь — өz kyieujnjŋ tjlsjz kyŋj rөljn atqaruqa tijs. Eŋвekcj əielder sotsializmdj azat etude imperialisterge qarsь ūiьmdasqan, вjrjkken maidan arqьlь sotsializmdj azat etu jsjndegj osь airьqca qauptь, aiausьz, qastasqan çaudь qiratuqa вarlьq kycjn çūmsauqa tijs.

* *

Qalqaralьq kommunistjk əielder kynj eŋвekcj əielderdjŋ revolutsialьq kycterj өzderjnjŋ kyndeljktj myddelerjn qorqau ycjn, sotsializm arqьlь azattьq alub ycjn вjrjktjrudjŋ asa maŋьzdь faktorь вolьp taвьladь. 1910 çьlь II Internatsionaldьŋ Kopengagende вolqan Qalqaralьq sotsialistjk əielder konferensiasьnda çьlsaiьn Qalqaralьq proletarlьq əielder kynjn

etkjzuge qauls etjldj. Bül qauls 1905 çыlь patcalьq Reseide bolqan ülь çemjstj revolutsialьq qozqalьstьn çəne əsjrese Məskeude bolqan büqaralьq zabastovkalar men barrikadalьq ürьstardьn stixialьq kycjnjn ьqpalь men сьqarьldь. Bül qauls əielderdj sotsializm arqьlь azat etu çenjndegj Lenindjk esiet mənjnde dəl markstjk ruxqa belendj. Əielder kynj proletar əielderdjn kyndeljktj asamanьzdь müqtaçdarь negjzjnde erkek, əiel proletarlardьn burçuazialьq stroiqa, onьn negjzj — kapitalizmge qarsь, sotsializm ycjn taptьq kyresjn üьmdastьruqa tijs. Onьn initsiatorlarьnьn pjkjrj boiьnca Qalqaralьq əielder kynjndegj demonstratsialar revolutsiacьl büqaranь imperializmnjn taptьq kyrestegj barqansaiьn ercjp otьrqan qьsьmьna da qarsь, sol siaqtь revizionistjk, reformistjk aqьmdardьn barqansaiьn çümьscь qozqalьsьna anqьrtta enjp ketujne qarsь çəne opportunistjk kesemderdjn ezderj basqarьp otьrqan partialar men üьmdardьn sanasьna, çauьngerljk batьldьqьna jrjtkj ьqpalьna qarsь attandьruqa tijs. Qalqaralьq əielder kynjndegj demonstratsialar büqaralьq zabastovkalar men tyrlj büqaralьq ereujlderdjn tenjregjndegj çana bolat buьn bolьp tabьluqa tijs, bül zabastovkalar men ereujlder kapitalizmdj qülatьp, sotsializmdj ornatu ycjn imperializmge qarsь revolutsialьq kyrespen aiaqtaluqa tijs.

Ɵzjnjn revolutsialьq asьlьna сьn adal, Qalqaralьq əielder kynj 1917 çыlь 8 martta Petrburgta „nan, bjtjm, bostandьq" üranьmen kece ürьsьnda ken orьn aldь. Kəsjp orьndarьndaqь, çümьscь kvartaldarьndaqь çəne kazarmalardaqь bolceviktjk qaçьrlь, ьçdaqattь daiarlьq çümьsьnьn arqasьnda sarizmnjn qüraldь kycterjmen kyreste büqara çenjp сьqtь. Seitjp, Reseide Qalqaralьq əielder kynj burçuazialьq-demokratialьq revolutsianьn typkj kezj boldь, bül burçuazialьq-demokratialьq revolutsia ezjnjn aldьna ecbjr tendesj çoq anaqürlьm çoqarь maqsat qoiqan, çer çyzjljk tarixi orasan manьzь bar Ɵktəbr revolutsiasьna ülastь. Sol kezdjn ezjnde II Internatsionaldьn partialarь men üьmdarьnьn Qalqaralьq əielder kynj enbekcjlerdjn senjmpaz büqarasьn adastьruqa arnalqan ereskel falsifikatsia bolьp sanaladь. Qalqaralьq proletarlьq ьntьmaq pen sotsializmnjn barlьq printsipterjn 1914 çыlь aqüsta çəne imperialistjk qьrqьn tüsьnda masqara aiaq astь etken II Internatsional kesemderj, büqaranь qalqaralьq ьntьmaq kersetuge caqьratьn maqtanьstь pravosьnan airьlьp qaldь. Olardьn çauьzdьq predateldjgj kecjrjlmeitjndjgj, ümьtьlmaitьndьqь sondai boldь, reformistjk kesemder, erkekterj bolsьn əielderj bolsьn, kapital ekjlderj men ekonomikalьq çəne saiasattьq jstestjk çasaudьn bürьnqьsьnca çümьscьqa qarsь printsipsjz saiasatьn çyrgjze otьrьp, qazjrde de sol predateldjkterjn jstep keledj. Solardьn jcjndegj kei bjreulerjnjn ministrljk çəne prezidenttjk kreslolarqa otьrьp raqatqa comьь-

nan, kapital qūldarьnьŋ malailarьnьŋ вiljgj tьrnaqtai ūtqan çoq. Qaita kerjsjnce, osьnьŋ saldarьnan tuqan saiasi ças вalalardьŋ maqnasьz ymjtterj proletariattьŋ aiaqьn kjsendep, kycjn ketjrjp otьr, proletariattь вurçuazialьq demokratia ecuaqьtta da ecвjr ьqtiarьmen вermeitjn økmet ycjn revolutsialьq kyresten вasqa çaqqa audarьp otьr. Koalitsialьq ykmetter, søitjp, eŋвekcj əielderge tepkj kørsetjp otьrqan qauptь zarьqularda, əielder qūrвandьq воlьp otьrqan facistjk aiuandьqtar çønjnde meiljnce aiьptь. Tjl çetkjsjz çoqcьlьqtan zarьqьp otьrqan, aldauqa køngen, senjmpaz erkek, əielder çūmьscьlardьŋ qanьna malьnqan, tysj øngen reformizmnjŋ las tuьnan yzjldj-kesjldj вezjp, çeŋjstj kyn jigerj daвьldaqan, Kommunistjk Internatsionaldьŋ çelвjregen alqьzьl tuьnьŋ tøŋjregjne toptanuqa tijs.

Eŋвekcj əielderdjŋ sansьz armiasьnьŋ imperializmge qarsь, sotsializm ycjn kyresudegj saltanattь ynj quattь qimьlqa ainaluqa tijs. Kyndeljktj eŋвek pen kyres olarqa вaqьt çəne maqsat sjlteitjn qanьmen qanь, çanьmen çanь вjte qainasqan ūran воluqa tijs. Būqaralьq çəne taptьq kyresterdjŋ maqnasь men maqsatь ecqandai cyвəlanqьsьz myldem aiqьn. Məsele mьna tyrde qoiьlьp otьr: ne kapitalizm, вasqaca aitqanda, dynienj kyizeljske вastaitьn ekonomikalьq çəne qoqamdьq stroi tūradь, ne воlmasa kommunizm tūradь. Sotsializm arqьlь taptardь çoiьp, adam вalasьn azat etudjŋ maŋьzdь воlьp taвьlatьn azattьq pen teŋpravonь eŋвekcj əielder øzjnjŋ вauьrlarьmen вerjk odaqtasa otьrьp çeŋjp aluqa tijs. Maqsattьŋ zor воluь ecqandai solqьldaqtьqqa, kyreste cegjncektjkke, uaqьtca ūsaq-tyiek paidaqa воla ecqandai ūsaq saudaqa çol вermeidj. Osьndai çoqarь maqsat ycjn kyreste tьm køp cьqьn воlatьndai qūrвandьq çoq, tьm çoqarь воlqandai qūn çoq. Qazjrgj momenttjŋ mjndetterj çəne tarixi qolailь situatsia yzjldj-kesjldj kyreske qosьludь вūiьrьp otьr. Būl mjndetter men situatsia eŋвekcj proletar əielderdjŋ вūqarasьna qattь ynmen вьlai dep вūiьrьp otьr:

Sanalь воlьŋьzdar, qimьldaŋdar, kyresjŋder! Naqьz tarixi ūlь momentke sjzder dərmensjz kezdesjp çyrmeŋder. Kecegj atesjmsjz, ataqsьz kyŋderdjŋ, вygjngj çauьngerlerdjŋ sansьz milliondarь вas køterjp cьqьp, alqa ūmtьlьŋdar! Taвьstь kyrespen çeŋjp alьŋdar! Sjzder qalqaralq çanqiarlardьŋ jcjnde Leninnjŋ məŋgj ølmeitjn øsietjnen ornьŋьzdь alьŋdar, sjzder øzderjŋjzdj Leninnjŋ qьlьmьna, jsjne sai etjp kørsetulerjŋjz kerek!

Редактор *Арыкова Н.*
Переводчик *Бирманов И.*
Технический редактор *Тигин Вл.*
Корректор *Катталов Р.*

Сдано в набор 21 марта 1939 г. Подписано к печати 29 мая 1939 г. Казгосполитиздат № 340. Уполномоч. Казглавлита № 1287. Тираж 5000. Формат 84x110 1/32. Объем 2,75 печ. л. 2,25 уч. авт.-л. 39,6 тыс. зн. в печ. л.

---

Отпечатано в Кн.-журнальной тип. Казполиграфтреста, г. Алма-Ата, Узбекская, 11. Заказ № 805